

«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасы  
Мүшелерінің Жалпы жиналышының  
2019 жылғы 2 тамыздағы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»

«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION»  
ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНДАҒЫ  
АДВОКАТТАР МЕН ШЕТЕЛДІК ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ  
ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН МҮШЕЛІП ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – Палата) қауымдастырылған мүшелерінің құқықтық мәртебесін, Палатаның қауымдастырылған мүшелігіне қабылдау, одан шығу жөне шығару шарттарын, тәртібін айқындайды.

## **1 Палатаның қауымдастырылған мүшесінің құқықтық мәртебесі**

1.1 Палатаның қауымдастырылған мүшелері болып Палатаның негізгі мақсаты мен қызмет қағидаттарын мойындайтын, Палатаның алға қойған мақсаттарына жету үшін, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту үшін техникалық, қаржылық және басқа да мүмкіндіктері бар, мына талаптарға сай келетін:

- Палата Төрағасының атына өтініш берген;
- мүшелік жарнаны төлеген;
- Палата Төрағасының немесе Палатаның Басқарма мүшелерінің берген мінездемесі бар

және Палатаға қауымдастырылған мүше ретінде кіруге келісімін білдірген жоғары заң білімі бар шетел азаматтары және Қазақстан Республикасының заңгерлері ғана бола алады.

1.2 Палатаның қауымдастырылған мүшесінің мынадай құқығы бар:

- Палатаның істерін басқаруға қатысу, яғни оның Палата мүшелерінің Жалпы жиналышында кеңесші дауыс құқығы бар. Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы отырыстың күн тәртібі бойынша шешімдер қабылдаған кезде қауымдастырылған мүшенің кеңесші дауысы дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды;
- өзінің ұйғаруы бойынша Палатаға қауымдастырылған мүшеліктен шығу;
- Палата мүшелерінің Жалпы жиналышында күн тәртібіне ұсыныстар енгізу;
- Палатаның басқару органдарына және мамандандырылған органдарына оның қызметіне байланысты кез келген мәселелер бойынша жүргіну;
- Палатаның Жарғысында белгіленген тәртіппен Палатаның меншігіне мүлік беру;
- Палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын құжаттарды өзірлеуге қатысу;
- өзінің мүддесін қорғауға және Палата мен оның мүшелерінің қызметін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізу;
- Палата көрсететін консультациялық, ақпараттық және басқа да қызметтерді пайдалану;
- қауымдастырылған мүшелер комитеттердің, комиссиялар мен жұмыс топтарының жұмысына қатыса алады.

1.3 Қауымдастырылған мүшенің міндеттері:

- Жалпы жиналыштың және Палатаның басқа да басқару және бақылау органдарының шешімдерін орындау, Палатаның Жарғысы мен ішкі құжаттарының ережелерін сақтау;
- Палатаның қызметіне қатысу;
- белгіленген мөлшерде және тәртіппен мүшелік жарна төлеу;

- Палатаның қызметі туралы құпия ақпаратты жария етпеу.
- 1.4 Қауымдастырылған мүшениң құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге болмайды.

## **2 Палатаның қауымдастырылған мүшесі болып кіру үшін қажетті құжаттар**

- 2.1 Палатаға қауымдастырылған мүше болып кіру үшін шетел азаматы және Қазақстан Республикасының адвокаты төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет:
- белгіленген нысандағы өтініш және толтырылған сауалнама;
  - өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттарының (мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен) және жоғары заң білімі туралы дипломының (куәлік немесе адвокат мәртебесін куәландыратын өзге құжат) нотариалдық куәландырылған көшірмелері өтінішке қоса тіркеледі.

## **3 Өтінішті қабылдау тәртібі**

- 3.1 Мүше болып кіретін тұлғадан осы Ереженің 2.1-тармағында көрсетілген барлық құжаттар алынғаннан кейін Палатаның Басқармасы Палатаға қауымдастырылған мүше болып кіру туралы өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қарайды және өтінішті қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы шешім жазбаша түрде рәсімделеді.
- 3.2 Осы Ереженің 2.1-тармағы бойынша ұсынылуға тиіс құжаттардың көмінде біреуінің болмауы және/немесе құжаттардың осы Ереженің 2.1-тармағының талаптары бұзылып рәсімделуі Палатаға қауымдастырылған мүше болып кіру туралы өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін.

## **4 Палатаның қауымдастырылған мүшелігіне қабылдаудан бас тарту**

- 4.1 Палатаға мүше етіп қабылдаудан бас тартуға негіз:
- кандидаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының, Палатаның Жарғысы мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеуі;
  - кандидат ұсынған құжаттардағы мәліметтердің толық еместігі немесе анық еместігі.
- 4.2 Палата қауымдастырылған мүшелері қатарына қабылдаудан бас тартылған жағдайда кандидатқа бес күн мерзімде бас тартудың негіздері көрсетілмей, Палата мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

## **5 Кіру жарнасы мен мерзімдік жарналардың мәлшері және төлеу тәртібі**

- 5.1 Палатаның қауымдастырылған мүшелерінің жыл сайынғы мүшелік жарнасының мәлшерін Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы белгілейді және ол Палатаның Жалпы жиналышы Палатаның мүшелеріне белгілеген тиісті жылға арналған жылдық мүшелік жарнаның 50%-ын құрайды.
- 5.2 Палатаның қауымдастырылған мүшелерінің мүшелік жарналары тек ақшалай қаражатпен төленуге тиіс.
- 5.3 Мүшелік жарналар Палатаға мүше болып кіру туралы өтініш пен тиісті құжаттар пакетін бергеннен кейін төленеді.
- 5.4 Палатаның қауымдастырылған мүшесі жыл сайынғы жарнаны төлеу мерзімін

өткізіп алған жағдайда, ол Палата Басқармасының шешімі бойынша Палатаға мүшеліктен шығарылуы мүмкін.

## **6 Палатаға мүшелікті тоқтату**

- 6.1 Палатаның қауымдастырылған мүшесі кез келген уақытта Палатадан өз еркімен шығу жолымен өзінің мүшелігін тоқтата алады. Палатаға қауымдастырылған мүшеліктен шығу Палата Тәрағасының атына жазбаша өтініш беру жолымен жүзеге асырылады. Палатаға мүшеліктен шығу туралы өтінішті Басқарма алдағы отырыста қарайды.
- 6.2 Қауымдастырылған мүше Палатаның Басқарма мүшелерінің бастамасы бойынша Палатадан шығарылуы мүмкін.
- 6.2.1 Палатадан шығаруға негіз:
- осы Ереженің талаптарын, Жалпы жиналыштың шешімдерін, Палата Жарғысының талаптарын орындауы;
  - Кәсіби әдеп кодексінің талаптарын бұзуы;
  - жыл сайынғы мүшелік жарнаны уақытында төлемеуі.
- 6.3 Палата мүшелігінен шығару тәртібі:
- Палатаның Тәрағасы Палата Басқармасының мүшелеріне себептерін негіздей отырып мүшеліктен шығаруға бастамашы болған тұлғаның ұсынысын жолдайды;
  - мүшеліктен шығару туралы шешім Палатаның Басқарма мүшелерінің көшілігінің келісімімен қабылданады.
- 6.4 Қауымдастырылған мүше Палатадан шықкан немесе шығарылған жағдайда субсидиялық жауапкершілік көтермейді.
- 6.5 Палата өзінің қауымдастырылған мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 6.6 Палатаның Тәрағасы Қауымдастырылған мүшелер тізілімін жүргізеді. Тізілімде қауымдастырылған мүшениң аты, орналасқан жері, қабылданған күні, жарна аударуы туралы мәлімет көрсетіледі.

## **7 Палатаның қауымдастырылған мүшелері туралы ережені бекіту және оған өзгеріс енгізу тәртібі**

- 7.1 Палатаның қауымдастырылған мүшелері туралы ережені Палатаның Жалпы жиналышы бекітеді. Ережені бекіту және оған өзгерістер енгізу туралы шешім Палата мүшелерінің Жиналышына қатысып отырған мүшелердің дауыстарының жай көшілігімен қабылданады.

## **8 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

- 8.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Палата мүшелерінің Жалпы жиналышының тиісті шешімінің негізінде енгізіледі.